



ТУҒРАЖ- КАЗАЛЫ

№48
(2219)
Сенбі
8 маусым
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ

Қазалыда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай салтанатты шара өтті.

Әйтеке би кентіндегі рәміздер алаңында өткен мерекелік іс-шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, зиялы қауым өкілдері, мекемелер, кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлері және аудан тұрғындары, белсенді жастар қатысты.

Мерекелік шарада аудан басшысы барша Қазалы жұртшылығын мерекемен құттықтап, мемлекеттік рәміздер Тәуелсіздіктің баға жетпес құндылығы екенін жеткізді.

- Мемлекеттік рәміздер – әр мемлекеттің тәуелсіздігін білдірумен қатар, тұтастыққа ұйыстыратын, бірлікке үндейтін айшықты белгілер. Еркіндігіміздің көк байрағы



көкте желбіреп, Елтаңба төрде орнығып, Мемлекеттік Гимніміз шырқала орындалғанда, ата-бабаларымыз сан ғасырлар

аңсаған елдік қалпымыз бен сүттей ұйыған тірлігімізге шүкіршілік айтып, толқымайтын жан, селт етпейтін көңіл жоқ.

Баршаңызды мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтай отырып, әрдайым ел іші мерекелі де берекелі, Елтаңбамыз – еңселі, Туымыз – тұғырлы, Гимніміз – айбынды болсын деймін. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін, - деді аудан әкімі.

Мұнан соң бірқатар сала қызметкерлері ауданымыздың қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріне белсене қатысып, зор үлес қосқаны үшін аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Мерекелік шарада жас мемлекеттік қызметшілер салтанатты түрде ант қабылдап, аудан өнерпаздары концерттік бағдарламаларын ұсынды.

«ШАҒАЛА» ЖАЗҒЫ ТЫНЫҒУ ЛАГЕРІ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы жылдағы дәстүрге сай өз жұмысын бастады.

Демалыс лагерінің жазғы маусымының ашылу салтанатына аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысып, өнерлі жеткіншектердің концерттік бағдарламасын тамашалады. Сондай-ақ, жазғы демалыс кезінде балалардың жақсы тынығып, уақыттарын тиімді пайдалануларына

тілектестігін білдірді.

Қазіргі таңда тынығу лагерінде 125 оқушы демалуда. Балалар мұнда бес мезгіл тамақтанады. Олардың уақытты көңілді әрі тиімді өткізуі үшін 8 тәрбиеші еңбек етеді. Демалушылардың денсаулығына арнайы дәрігер мен стоматолог жауап береді.

Айтакетейік, демалыс лагері биыл жылдағы дәстүрге сай жазғы маусымда 7 ауысым ұйымдастырып, әр ауысым бойынша 125 оқушыдан, 900-ге жуық

баланы қабылдамақ. Мұнда балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін 13 үйірме жұмыс істейтін болады.

Аудан басшысы лагердің ашылу салтанатынан кейін демалыс орталығындағы балаларға арналып салынған сахнаны, бассейн, жататын орын мен асхананы аралап көріп, аудандық білім бөлімінің басшысы мен орталық директорына балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстауды тапсырды.

ӘДЕПТІЛІК НОРМАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ МӘЖІЛІС



Аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Ринат Тілептің төрағалығымен мемлекеттік қызмет көрсету, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі, заңнама талаптарын қатаң түрде сақтауына қатысты арнайы мәжіліс өтті.

Мәжілісте әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызмет саласындағы өзекті мәселелерге тоқталып, мемлекеттік қызметшілердің іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды жоғарылату, мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қойылатын шектеулер жай-

ында сөз қозғап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ, жиын барысында аудан әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімінің басшысы Нұрлан Толыбаев «Мемлекеттік қызметшілердің әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидалары туралы» хабарлама жасады.

Мәжілісте Ринат Ибайдуллаұлы мемлекеттік қызметшілерді Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіне сәйкес бекітілген барлық талаптарды сақтауға шақырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУГЕ КӨПШІЛІК БОЛЫП ЖҰМЫЛУДА



«Бозкөл» ауылдық округінде тазалық жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп келеді.

Көктемгі тазалық пен көркейту, көгалдандыру шараларына ауылдық округтегі барлық мекемелер мен ауыл тұрғындары біріккендей атсалысуда.

Әр апта сайын өткізілетін тазалық жұмыстарына ауылдық әкімшілік аппаратының бас маманы Айнұр Смет жауапты болып бекітілген.

Сенбілік барысында орталық саябақтар мен ауыл көшелеріне, мекеме аулаларына тазалық жұмыстары жүргізіліп, қоқыс қалдықтарынан тазартылды. Сонымен қатар, орталық көшенің екі жағы қоршалып,

өктеп, сырлау жұмыстары жүргізілді. 2500-нан аса тал көшеттері отырғызылып, ауылға кіре берісте аумағы 1,5 гектар болатын «Жасыл белдеу» орналастырылды.

Қазіргі таңда тазалық жұмыстары үшін мемлекеттен бөлінген қаржыға ауылдың маңындағы «Дөненбей», «Қандыарық» көпірлерінің екі жағындағы қоршаулары жаңартылып, қалыпқа келтірілуде.

Сонымен қатар, шалғайда орналасқан «Сарыбұлақ» ауылдық округі де тазалық жұмыстарынан қалыс қалған жоқ. Санитарлық тазалық, көркейту, көгалдандыру

шараларының өткізілуі барысында әр апта сайын ауыл тұрғындарымен кездесулер ұйымдастырылып, үздік атқарылған жұмыстары үшін ынталандыру сыйлықтары берілді.

Көшелер мен тұрғын үйлердің аулаларын тазалау жұмыстары бойынша мониторинг жүргізіліп келеді. Елді мекенге кіре беріс жолдар тазаланып, ауылдық округтің паспорты және көше бойында орналасқан көрнекі жарнамалар қайта жаңартылуда. Сондай-ақ, ауыл маңына «Қоқыс тастамаңыз» деп жазылған тақтайшалары ілініп, ауыл тұрғындарына учаскелік полиция инспекторы Ерлан Байділдаев ескер-

ту жасап, ауылдық әкімшілік тарапынан тазалық сақтау жөнінде ұнпарақтар таратылды. Ауылдағы «Маханбетқайыр» атындағы саябақ іші арамшөптер мен қоқыс қалдықтарынан тазартылып, көздің жауын аларлықтай гүл көшеттері мен 350-ге жуық тал отырғызылды.

Туған жерімізді абаттандырып, жасыл желекке айналдыру – баршамамыздың басты борышымыз. Тазалық – біздің денсаулығымыз бен болашағымыздың басты кепілі. Ендеше аймағымызды көркейту ісіне ауызбіршілікпен атсалысуға шақырамын!

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

КІТАПХАНА ТҮНГІ АУЫСЫМДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Қазалы аудандық орталық кітапхананың қызметкерлері оқырмандарға түнгі 24 - 00-ге дейін кітап алып оқуға қызмет ететін болады.

Бұл бастаманың негізгі мақсаты: Кітап оқуды насихаттаудың заманауи әдісі әрі еліміздегі кітапханалар ахуалы мен көркем әдебиеттерге деген оқырманның қызығушылығын арттыру, қоғам назарын кітапқа аудару. Бұл әріне біздің ауданымызда алғаш рет қолға алынуда.

Түнгі ауысымдағы кітапхананың алғашқы жұмысына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов пен бірқатар бөлім басшылары арнайы барып, жаңа әрі тың бастамаға сәттілік тіледі.

«Бүгінгі заманда кітапсыз, кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені» - деп Мемлекет басшысының сөзін тілге тиек еткен Дәурен Оңғарбайұлы, бұл бастама оқырмандар үшін, әсіресе кітапсүйер жастар үшін жаңа серпін беретінін атап өтті.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ

Қазіргі таңда жұмыс берушілер тарапынан электрондық еңбек шарттарын жасауы қарқын алып, еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі (ЕШЕБЖ) арқылы енгізілуде.

Электрондық еңбек шарты – бұл жазбаша түрде жасалатын еңбек шартының дәстүрлі нысанына қосымша нұсқа.

Еңбек шарттарын тіркеу «hr.enbek.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ол үшін «hr.enbek.kz» электрондық еңбек порталында (бұдан әрі - ЭЕБ) тіркелу қажет, кәсіпорын туралы мәліметтер ЭЦҚ-мен расталуы керек.

ЕШЕБЖ негізгі артықшылықтары:

Қағаз құжаттарды жинау қажеттілігінің болмауына байланысты жұмысқа орналасу процесін жеңілдету;

Шарттың болуын, қорға жарналар мен аударымдарды көрсету, сондай-ақ жұмыс берушінің қызметкер алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік тәуекелдерден қорғау.

Шарттар екі тілде жасалуы мүмкін: қазақ және орыс.

Электрондық үкіметтің жеке кабинетінде «Еңбек қызметі» бөлімінде ағымдағы еңбекшарты туралы ақпаратты тексеріп көруге болады. Онда кәсіпорынның атауы, шарттың жасалған күні, нөмірі және лауазымы көрсетіледі.

ЕШЕБЖ-те/ден мәліметті ұсыну және алу тәртібі:

Жұмыс беруші жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер немесе толықтырулар туралы ақпаратты ЕШЕБЖ –ге енгізуге міндетті.

Жұмыс беруші ЕШЕБЖ-ге кадрлық қамтамасыз етуді ЕШЕБЖ-мен интеграциялау арқылы немесе «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы немесе ЕШЕБЖ -мен интеграцияланған еңбек шарттарын есепке алуды автоматтандыруға арналған басқа ақпараттық жүйелер арқылы ақпарат енгізеді:

Жұмыскер мен еңбек шартын жасасу және тоқтату ту-

ралы;

Еңбек шартына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы;

Еңбек шарттары туралы міндетті мәліметтер:

Т а р а п т а р д ы ң деректемелері: жұмыс берушінің жеке тұлғаның ЖСН немесе жұмыс берушінің – заңды тұлғаның БСН, жұмыскердің ЖСН;

Белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс (еңбек функциясы);

Жұмыс орындау орны;

Еңбек шартының мерзімі;

Жұмыстың басталу күні;

Шарттың жасалған күні және реттік нөмірі;

Еңбек шарттары туралы қосымша мәліметтер :

Жұмыс уақыты мен демалыс режимі;

Еңбек шартын бұзуға негіздер;

Толық мағлұмат алу үшін бөлімнің 23-2-62 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ҚҰРБАН АЙТ

Алла елшісі (с.ғ.с) «Алланың разылығы үшін құрбан айт күні қан шығарудан (құрбандық ретінде) ұнамды іс жоқ және (құрбан) қиямет күні алдыңнан шығады» - десе, тағы бірде: «Адам баласы құрбан айт күні қан шығарудан (құрбан шалудан) артық амал арқылы Алла Тағалаға жақын болған емес. Ағызылған қан жерге тамбай тұрып Алла Тағаланың құзырында ерекше дәрежеге жетеді. Сондықтан да шын жүректен әрі ризашылықпен құрбандықтарыңды шалыңдар», – деп құрбандық шалудың қаншалықты сауапты іс екенін шегелеп айтқан.

Құрбан айт мерекесінде жақсылап ғұсыл құйылғаннан (денені толықтай жуу) кейін әдемі таза киімдерін киіп, үстіне хош иіссу сеуіп, мешітке айт намазына бару жақсы амалдарға жатады.

Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу міндетелген жандар құрбандықтарын шалып, етін тиісті адамдарға таратады.

Айт күні мұсылмандар көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын» айтысады.

Айт күндері мейілінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, кешірімді болуға тырысу керек. Ренжіскен адамдар табысқаны жөн. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бару, жетім, жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, оларға айттың қуанышын сездіру сауапты істерге жатады. Бұған қоса әке-шешесіне, отбасындағыларға, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сый-сияпат жасап, айт мейрамын ерекше өткізу құптарлық іс.

Құрбандыққа мал шалу тәртібі, қандай малдар шалынатындығы, оның батасы, тағы басқа сауапты амалдар жасалатыны жайлы әлеуметтік желілерде кеңінен таратылатындықтан ол жөнінде айтпай отырмыз.

Құрбандық шалушы адам мұсылман, азат, мұқим болу, сондай-ақ шарифат бойынша бай саналатын жағдайға ие болуы шарт.

Үш күн қатарынан тойланатын Ұлық
Айт кезінде әлемдегі мұсылман қауымы
Алланың ақ жолына бағыштап
құрбандық шалумен қатар ата-
бабаларының әруақтарына құран
оқытады.

Бір-бірлеріне ізгі тілектер тілейді. Құрбан шалу уақыты айт күнінің таңында басталып айттың үшінші күні күн батарға дейін жалғасады.

Мұсылман бауырлар!

Аудандық, кенттік, қалалық және ауылдық мешіттерде 2024 жылдың маусым айының 17-ші жұлдызында таңертеңгі сағат 6.00-де айт намазы (құрбан айт намазы) оқылады деп күтілуде.

Яғни, осы күнгі таңертеңгі сағат 6.30-дан бастап құрбандық малы шалына береді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының пәтуасына сәйкес бір-жар күн өзгеріс болуы да мүмкін.

Ол жайлы әлеуметтік желіде қосымша хабарланатын болады.

Ұлық мейрам – құрбан айттарыңыз,
ниеттеріңіз қабыл болсын, мұсылман
бауырлар!

**Нәби НҰРДӘУЛЕТ,
Қазалы аудандық орталық
«Жанқожа батыр»
мешітінің бас иамы**

АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ ИЕСІ



Социалистік Еңбек
Ері, Ленин орденінің
иегері, Қазақ ССР ауыл
ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң
үздігі, күрішші Көлжан
Оразалиеваның туылғанына
биыл 100 жыл толып отыр.
Жас кезінен еңбекке
араласқан Көлжан апа
алдыңғы толқын ағалармен,

апа- сiңдiлерiнiң
ықыласына бөленген
жан. Кетпенiн арқалап
шаршауды бiлмеген
еңбекқор ана 1924
жылы Қызылорда
облысы, Қазалы ау-
даны, Калинин ау-
лында, қазiргi
Мұратбаев атындағы
ауылда дүниеге кел-
ген. Ол бiлiктi диқан,
еңбек сүйгiш жан,
жастардың ақылшы-
ұстазы болатын.

Еңбек жолын 1941 жылы қатардағы колхозшыдан бастаған ол 1974 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін күріш егумен айналысып, шаруашылықтың экономикасын көтеруге үлес қосты. Оның ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан еңбегі ерекше бағаланып, 1948 жылы КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Көлжан Оразалиеваға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Атақты диқан 1952 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бірнеше рет аудандық Кеңестің депутаты болды.

Көлжан апамыз қызу
еңбекпен біте қайнаса
жүріп, 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп
өсірген. Еңбек ете жүріп,
бала тәрбиесінде жа-
дында ұстап, балала-
рын әрқашан мейіріммен
өсіріп, сыпайылыққа,
адамгершілікке баулып,
туған туыстың ақылшы-
с қамқоршысы да бола
білген.

Аяулы ана, білікті
диқан, халқына қадірменді
еңбек ардагері Көлжан
Оразалиеваның жарқын
бейнесі біздің жүрегімізде
мәңгі сақталады. Еңбегімен
ел құрметіне бөленген
апамыздың үлгі тұтар
еңбек жолын келер ұрпаққа
насихаттау біздің басты
міндетіміз болып санала-
ды.

**Абай РЫСТЫҒҰЛ,
Ғани Мұратбаев
ауылдық округінің әкімі**

АҚСУАТТАҒЫ АҚ КЕМЕ

1960 жылдары қазіргі «Ақсуат» аулы бұрынғы Қазалы асыл тұқымды қой совхозының іргеде ағып жатқан дарияда жүзіп жүретін ақ кемесі болғанын бала болсақ та көзіміз көрді. Оны жергілікті халық теплоход деп атайтын. Ол кездері аталмыш совхоз-ды іскер де өте беделді Дүйсенбай Маханов деген кісі басқарды.

Ол кездері дарияның ортасында арал, тоғайлар көп еді. «Байқожа арал», «Майлыбас арал», «Қожа арал», «Сатмахан арал» болып кете беретін. Мал жейтін шөптердің небір құнарлы түрлері осы аралдарда өте тығыз өсетін.

Шөп дайындайтын техника, адамдармен киіз үйлер кеме арқылы аралға жеткізілетін. Мал азығын дайындаушылар аралға қараша үйлерін тігіп айналып жатып мал азығын дайындайтын.

1965 жылдан кейін ақ кемеңі дариядан шығарып, совхоздың дария жақ шетіне қойғанды. Ол кездерде мектеп оқушысымыз. Сабақтан кейін, демалыс күндері сол кемеге барып ойнаймыз. Қызық көреміз. Кемеңің астыңғы жағында жатын орны, асханасы, әжетханасына дейін бар еді. Кейде жұмыс уақытынан кейін ересек

кісілер де сол кемеңіз Анау-мынау емес
ішінде темекілерін шегіп, бірнеше үйдің көлеміндей

әңгімелерін айтып, жүз грамдатып отырғандарын көретінбіз. Бір жағы Сыр-дария өзені, екінші жағы совхоз орталығы, ба-тыс жағы көк желекке көмкерілген саябақ бола-тын.

Ақ кемеңі «Ақсуат» аулына барған сайын үстіне шығып көріп кетуші едім. Оқушы кезімде сыныптастарыммен, интернатта бірге жатқан достарыммен қызықты өткізген кездерімді еске түсіретінмін. Кемеңің үстіңгі қабатындағы кемеңі басқарып отыратын кабинасы өте биік әрі іші кең болатын. Автокөлік, тағы басқа техникалармен жүктерді, малдарды тиейтін үстіндегі кішігірім алаңында асыр салып ойнаушы едік-ау. Сол кеме тәуелсіздік алған жылдардан кейін кезден ғайып болды. «Ақсуатқа» барған сайын ауыл тұрғындарынан сұраймын. Олардың айтатыны: Сол кездегі ауыл басшысы бір жерлерге бөгет па, көпір ма салуға пайдаланамыз деп сүйретіп дарияның өр жағына қарай алып кетіп еді дейді. Біреулер дария тасығанда ғыып кетіп жоқ болды десе, біреулері қайырлап шөгіп суға батып кетті деген болжамдарын айтып жүр.

Анау-мынау емес
бірнеше үйдің көлеміндей

алып кемеңіз аяқ астынан көзден ғайып болуы көпшіліктің көзіне көрінбей суға батып кетуі түсініксіз ғой. Мүмкін біреулер көзден таса жерге апарып металоломға кесіп-кесіп өткізіп жіберді ма ол жағы белгісіз.

Сол кездері «Ақсуат» аулы «металлолом аулы» деп аталынғаны да жайдан жай емес болар.

Қазір «Ақсуат» аулында жан жағы қоршалған жасыл желекке көмкерілген көлемді саябақ бар. Сол саябақтың ортасына, не ауыл халқы серуендейтін алаңға тазалап, сырлап сол кемені қойғанда ғой. Тарихи ескерткіштің бірі де бірегейі болар еді-ау деген ой мазалайды. Аудан орталығы кенттегі бұрынғы теміржолшылар клубының алаңында тұрған алып паравоз көненің көзі, өткен тарихтың куәсі. Саябақтың ажарын келтіріп тұр.

Ескіні елеуге енжарлық танытып, елдің, жердің тарихына мән бере бермейтін кейбір азаматтардың ойларының таяздығына ренжитініміз осындайдан ғой. «Ақсуаттағы» ақ кеме қайда жоғалды деген ой мені мазалаумен жүр.

**Беганыш
ЖАҚСЫБАЕВ,**
Қазақстан Респуб-
ликасы Журналистер
Одағының мүшесі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСЕЙІК

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күнгі күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекетіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуді белгілеген.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында «бір терезе» қағидаты енгізілген, келушілерге кеңестер бейне бақылаумен жабдықталған бөлмеде жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету электрондық түрде www.egov.kz, www.elicense.kz, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында басқарма бойынша жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары дайындалып, жүзеге асырылып отырады. Сонымен қатар, басқарма бойынша 21-5-18 «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Майра РШЫМБЕТОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасы
басшысының
орынбасары

СУ АЙДЫНДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ

Су – тіршілік көзі, ол емес. Егерде суға шомылуға барсаңыздар төмендегі қауіпсіздік ережелерін есте ұстаңыздар:

- суға ауаның температура-турасы 25, судың температура-турасы 20 градус болғанда ғана шомыл;
- текарнайы жағажайларда ғана шомыл;
- суға жайлап түс, таяздау жерге барғанда тоқтап, басыңды суға сүңгітіп ал;
- судан әлсін – әлсін шығып демал;
- қалтырап тоңғанша суда жүріп алма;
- қол – аяқ тырысқанда үрейленбей, су бетінде болуға тырыс, айқайлап көмек сұра;
- судың қатты ағынына тап болғанда, ағынға қарсы

жүзбей, ағыс бойынша малтып жағаға қарай жүзуге тырыс;

-су иіріміне тап болғанда, саспай ауаны ішке көбірек жұтып алып, суға сүңгі де ағын бағытына қарай қатты секіріп, судың бетіне шық;

-арақ – шарап ішіп, суға түсуге қатаң тыйым салынады;

-егер шаршасаң дереу судан шық;

-бейтаныс жерден суға секірме;

-терлеп тұрғанда және қараңғы уақытта суға шомылуға болмайды;

-суға шомылғанда автокамераны, допты, тақтайларды пайдалануға болмайды.

Қазалы ауданының
Төтенше
жағдайлар бөлімі

ОНОМАСТИКАЛЫҚ КОМИССИЯҒА ЖОЛДАНАДЫ

«Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығының 9-тармағына сәйкес:

«Қарашеңгел» ауылдық округі, «Шитүбек» елді мекенінде «Водокачка» көшесін «Сыр-

дария» Жер-су атауымен қайта атау жөнінде жергілікті қоғамдастық мүшелерінің қатысуымен жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізілді.

Күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес ашық дауыс беру негізінде шешім қабылданды. Қолдап дауыс бергендер саны-25, қалыс қалған, қарсы дауыс бергендер жоқ.

«Қарашеңгел ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер және әйелдер кеңесі Мемлекет және қоғам қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы

БОЖАНОВА АЛМАГҮЛ
БОЖАНҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер және әйелдер кеңесі облыстық мәслихаттың депутаты Нұрлан Имандосовтың қайын атасы

ӨКСІКБАЕВ ӘДІЛХАН
НАМАЗҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

АДАМ БОЛ, АДАЛ БОЛ!

Ақын Міржақып Дулатұлы атамыз айтқандай, «Оян, қазақ», «Ойлан, қазақ», - деп мына қоғамда болып жатқан кейбір көз қысты, бармақ басты әрекеттерді болдырмау, Қазқстан Республикасының әрбір азаматының міндеті және борышы. Жүрегі қазақ деп соққан әр азамат, өз елінің даму жолына қосқан кішкене үлесі, жемқорлыққа жол бермеу.

Әрбір азамат өз пайдасы үшін пара бермесе, пара алмаса, Қазақ елінің дамып, өркендеп, бәсекеге қабілетті, мықты мемлекет болатынына сенемін. «Адам бол, Адал бол» деген қағидамен әр азамат еңбек етіп,

адал жолмен жүрсе ғана, Қазақ елі зайырлы мемлекеттердің қатарына қосылатынына сөзсіз сенемін.

Елі сенген, ел үмітін ақтайтын азаматтарымыз көп болып, Қазақ көшін алға сүйрейтін, мәрт жіттеріміз бен қара көз қарындастарымыздың қатары толықса деймін.

«Мен жастарға сенемін» деп Мағжан Жұмабаев мына біздерге үлкен сенім артқан, сол сенімін ақтауға өскелең ұрпақ адал еңбекпен жұмыс істесе ғана, Мағжан атамның сенімі ақталар еді.

М.БЕКМАМБЕТОВ,
Басықара ауылдық округінің әкімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.